

**Мектепке дейінгі ұйымдарға 2022 жылдың желтоқсан айына
мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша өткен
комиссия отырысының
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Дәулет ауылдық округі

«07» желтоқсан 2022 ж.

Төрағалық еткен: Комиссия төрағасы – Б. Демократұлы

Қатыспағандар: Дәрібаева Райхан Султановна -«Мұнайлы аудандық Азаматтық бастама» қоғамдық бірлестігінің басшысы

Акниязова Гульбакыт Танжарбаевна -Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы

Сұңғат Шынар Сұңғатқызы -Мұнайлы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

Шақырылғандар: комиссия мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Жаңадан ашылатын жекеменшік балаларға қосымша білім беру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға конкурсқа қатысушы ұйымдарды анықтау және құжаттарын тексеру;

2. Балаларға қосымша білім беру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орналастыру және тізімін бекіту туралы;

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша комиссия төрағасы Б. Демократұлы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 171103 болып тіркелген) сәйкес балаларға қосымша білім беру бойынша ағымдағы жылдың 17 қараша күні білім бөлімінің ресми сайтына 4 бағыт бойынша 461 орынға конкурс жарияланғандығын және жеке кәсіпкерден 2 құжат келіп түскендігін, комиссияға түскен өтініштер салынған конверттердегі құжаттарды қарап танысу керектігін айтып өтті.

Комиссия мүшелері конкурсқа түскен Басқұдық ауылында орналасқан «Мұнайлы дарыны» және Маңғыстау ауылында орналасқан «Premium School» қосымша білім беру орталықтарының құжаттарын толықтай қарап, танысып шықты. Комиссия мүшелері қосымша білім беру орталықтарының құжаттарының толық екендігін ескеріп, «Мұнайлы дарыны» қосымша білім беру орталығы және «Premium School» қосымша білім беру орталығының

мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға жазған өтінішін қанағаттандыруға бірауыздан келісті.

Комиссия мүшелері құжаттарды толықтай сараптап қарап, төмендегідей шешім шығарды

Шешім:

1. Жеке кәсіпкерлерге:

1.1. Есепті әр айдың 25-30 аралығында нақты жасалған жұмыс көлемі туралы (қамтылған бала саны мен атқарылған іс-шаралар) актіні Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің есепшісіне тапсыру жүктелсін;

1.2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер есебі білім бөліміне әр айдың 25-30 аралығынан кешіктірілмей тапсырылсын;

1.4. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып, осы қағиданың 79 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен Ұйым мен ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылсын;

1.5. Ұйымға қабылдау Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен бекітілген "Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 219 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 20695 болып тіркелген) мемлекеттік қызмет көрсету Ережелеріне сәйкес жүзеге жүргізілсін;

1.6. Ұйым тарапынан балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелері бойынша оқу жылының соңында осы қағиданың 6-қосымшасына сәйкес электрондық немесе қағаз нысанда оқу нәтижелерін растайтын құжат (сертификат) берілсін.

2. Білім бөліміне:

2.1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына басшылыққа алынып, комиссия отырысының шешімімен конкурсқа қатысқан «Мұнайлы дарыны» және Маңғыстау ауылында орналасқан «Premium School» құжаттарының толық екендігі

ескеріліп, жеке кәсіпкердің алған міндеттемесіне сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысының тізбесіне **қ о с ы л с ы н:**

Басқұдық ауылы:

«Мұнайлы дарыны»-300 орынға

--ғылыми техникалық бағыт -130 бала;

-әлекметтік-педагогикалық бағыт -170 бала:

Маңғыстау ауылы:

«Premium School»-40 орынға,

-ғылыми техникалық бағыт -25 бала;

-әлекметтік-педагогикалық бағыт -15 бала:

2.2. Ұйым балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша орындардың санын көрсете отырып, есеп бөлімі балаларға қосымша білім беру бойынша білім беру қызметтерін көрсетуге шарттар жасалсын;

2.3. Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын алу үшін балалар контингентін қалыптастыру ҰБДҚ сәйкес жүзеге жүргізілуі қадағалансын;

2.4. Білім алушылардың жас ерекшеліктері 6 -17 жас аралығындағы балалардың қатысуы қатаң бақылауға алынсын;

2.5. Білім бөлімі тарапынан қажетті мамандармен қамтамасыз етілсін. Мамандарға уақытылы әдістемелік көмек көрсетіліп, мамандардың біліктілік арттыру курстарынан өтуіне жағдай жасалып, санаттарын көтеру жұмыстары жүргізілсін;

2.6. Мемлекеттік білім беру тапсырысы төмендегі қосымша білім беру орталықтарының тізімі бойынша 2022 жылға білім бөлімінің интернет-ресурстарында жарияланған күннен бастап орналастырылсын:

1. «Мұнайлы дарыны»-300 орынға

2. «Premium School»-40 орынға,

Комиссия төрағасы:

Комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты)



Б. Демократұлы

Ш. Избасарова